

**"Әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 129 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдедегі N 177 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әділет басқармасында 2009 жылдың 07 тамызда N 3-1-118 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 205 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 205 шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджеттік кодексінің 56 бабының 1 тармағы 4 тармақшасына және Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 13 наурыздағы № 80 қаулысымен «Он алты жасқа дейінгі мүгедек балалары бар отбасыларға қосымша көмек беру туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 10 мамырдағы № 156 қаулысына толықтыру және өзгерістер енгізу туралы», Ақтөбе қалалық мәслихаты

**ШЕШІМ**

**ЕТТІ:**

1. «Әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 129 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 23 ақпандағы № 3-1-103 санымен тіркелген, 2009 жылғы 3 наурызда № 28 «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған шешіміне) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:  
1 тармақтағы:

2) тармақшадағы «еңбек өтілі толық емес зейнетақы» сөзі «аз зейнетақыдан төмен» сөзімен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «1, 2, 3 топ» сөзінен кейін «, бала кезінен мүгедектерді, жалпы аурулардан, әскери борышын орындауға байланысты емес мертiгу немесе ауру салдарынан мүгедектікке душар болған әскери қызметшілер есебінен мүгедектерді қоспағанда.»; сөзімен толықтырылсын.

1-1 тармақ келесі мазмұнда толықтырылсын:

«2009 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік жәрдемақы алушылар 1, 2, 3 топ бала кезінен мүгедектерге, жалпы аурулардан, әскери борышын орындауға байланысты емес мертiгу немесе ауру салдарынан мүгедектікке душар болған әскери қызметшілер есебінен мүгедектерге 3000 теңге мөлшерінде әлеуметтік

к ө м е к

к ө р с е т і л с і н . »

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қалалық мәслихаты*  
*сессиясының төрағасы*  
*М. Өндіргенов*

*Ақтөбе қалалық*

*мәслихатының хатшысы*  
*С. Шынтасова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК